

– тек күрескер тұлға ғана емес, замананың алмағайып шақтарын көркемдік танымға арқау етіп, оны шынайы шыншылдықпен суреттеген, сөйтіп сол арқылы ертеңгі ел тәуелсіздігіне үмітпен қарауға үндей білген, парасатты ойлары арқылы болашаққа жол сілтеген дара дарын, қарымды қалам иесі. Ендеше, баба тарихтың ұлы көш-керуенін болашаққа бет түзеткен қазақ өткеніне салауат айтып, бүгініне қанағат етіп, ертеңіне нық сеніммен қарай бастаған тұста Ахаң есімі ұлтының рухани игілігіне айналар ұлы ойларының өміршеңдігімен халқын ғасырдан-ғасырға жаңылдырмай жетелер «Темірқазыққа» айналары сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Әбдиманұлы Ә. Зерттеу-эссе // Алматы, Арда баспасы 2007. – 296 бб.
2. Әбдіманов Ә. Қазақ газеті // Алматы, Қазақстан 1993.- 168 бб.
3. Қазақ ССР тарихы. 3 том (415-419 беттер)
4. Имаханбетова Р.С. Ахмет Байтұрсынұлының өмірбаяны, шығармашылығы // Алматы, Арыс 2006.- 30 бб
5. Еркінбаев Ұ.О. Әдебиет танытқыш ХХ ғасыр басындағы әдебиеттану ғылымының контекстінде. Алматы., 2007.- 30б.
6. Тоғжанов Ғ. О Байтұрсынове и байтұрсыновщине // <http://bigox.kz/kazak-gazetinin-shyguu-kalyptasuy-zhane-derektik-ereksheligi/>.
8. Атабаев Қ. Қазақ баспасөзі – Қазақстан тарихының дерек көзі (1870-1918). Алматы., 1996 ж. -179 бет.

Ж. ШАЯХМЕТОВТЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖОҒАРҒЫ БІЛІМ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚАЛЫПТАСЫП, ДАМУЫНДАҒЫ РОЛІ

Зульбухар Р. М.

Ғылыми жетекші: Жеңіс Ж.Ж , тарих ғылымдарының кандидаты, PhD

Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті

Электронды адресі:rozalina221102@gmail.com

Алматы қ.

Ғасырлар тоғысында білім беру ұғымына деген көзқарас әлемдік деңгейде өзгере бастады, себебі ол дамыған мемлекеттердің өркендеуінің негізгі қозғаушы күшіне айналып отыр. Сондықтан күні бүгінге дейін педагогикалық категория ретінде саналған «білім беру» ұғымы кең мағынада маңызды әлеуметтік құбылыс ретінде қарастырылуда. Білім беруді философия, әлеуметтану, психология, экономика, мәдениеттану тағы басқа әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар өз тұрғысынан қарастырып зерттейді. Сондықтан бұл ұғымның ауқымы кеңею үстінде.

Қай мемлекетте болмасын, оның дамуы мен әлеуметтік жағдайының басты көрсеткіші сол мемлекеттегі білім саласының қай деңгейде екендігіне байланысты. Бұл туралы мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Bilim jáne Gylym!» атты тамыз конференциясында «Жеті түрлі ілім білетін» ұрпақ тәрбиелеу – бүгінгі күннің басты міндеті деген болатын.[1]

Қазақ жері тарихтың қай кезеңінде болмасын ғылым мен білімнің, өркениеттің бір пұшпағы саналды. Анахарсис, Әл-Фараби, Яссауи, Махмұд Қашқарилер дәл осы қазақ жерінде туылып, өскендігі осының айқын дәлелі. Ортағасырлар мен Қазақ хандығы тұсында еліміздегі білім жүйесі араб-мұсылман дәстүрлеріне сай болса, Ресей отаршылдығы кезінде білім жүйесі ақырындап орыс білім дәстүрлерін қабылдай бастады. Кеңестік кезеңде, жаңа, кеңестік білім жүйесі орныға бастады. Ескіше сауатты адамдар қудаланып, зорлықпен пайда болған коммунистік режим жаңа, кеңестік білімге ие қызметкерлер мен жұмысшыларға қажеттілікті сезінді.

Осы орайда, Қазақстандағы жоғарғы білім жүйесінің қалыптасып, дамытуда біз Жұмабай Шаяхметовтің орыны мен еңбегін айтпай кете алмаймыз. Биыл қазақтың мемлекет қайраткері Жұмабай Шаяхметовтің туғанына 120 жыл толып отыр. Мемлекет қайраткері 1902 жылы 30 тамызда Ақмола облысы Омбы ауданының Борисов болысының №2 ауылында малшылар отбасында дүниеге келді (қазіргі — Ресей Федерациясының Омбы облысындағы Шарбақкөл ауданы). Ж. Шаяхметов Орта жүздің Арғын тайпасының Атығай руынан шыққан [2,365 б.].

Менің ұсынып отырылған мақаламдаелі үшін туған азаматтың ғұмырнамасы мен қызметіне арналған Ш.Уәлиханов атындағы тарих институтының ғалымдармен бірге жарыққа шыққан еңбектерді негізге ала отырып қарастырылды.

Жұмабай Шаяхметов Қазақстан тарихында өз орыны бар, Республика экономикасы мен мәдениетінің дамуына елеулі үлес қосқан мемлекет қайраткері. Оның ұзақ жылдар Қазақстанның ең жоғарғы басқару жүйесінде қызмет етіп, сегіз жыл республиканың бірінші басшысы қызметін атқарғаны мәлім. Шаяхметовтың өмір жолы мен басшылық қызмет атқарған жылдары И. Сталиннің Кеңес Одағы мемлекетін басқарған кезеңімен тұстас келді. Сондықтан да оның тоталитарлық жүйе кезеңінде өсіп қалыптасқан, сол жүйе аясында қызмет еткен аса көрнекті басшы қайраткер екені даусыз.

Жұмабай Шаяхметов республикадағы білім саласының дамуына зор үлес қосты. КСРО-да, оның ішінде Қазақ КСР-де соғыстан кейінгі кезеңде білім беру жүйесінің жағдайы күрделі болды. Бұған еліміздегі бүкіл білім беру жүйесінің қайта құрылуы, әліпбидің өзгеруі, мұғалімдердің тапшылығы, техникалық құрал жабдықтар мен басқа да материалдардың жеткіліксіздігі себеп болды. 1947 жылы Қазақ КСР Оқу Министрлігінің қарамағында 8206 мектеп, 22 жоғары оқу орны болды [3, 83 б.].

Ж. Шаяхметов республиканың жаңа басшысы ретінде жоғары оқу орындарында этникалық қазақтар арасынан ұлттық кадрларды және аспирантура мен докторантурада ғылыми кадрларды даярлау мәселесін көтерді. Соғыстан кейін Қазақстан экономикасындағы республика үшін жаңадан ашылған салаларда кадрлар тапшылығының орынын толтыру қажет болды. Егер соғыс жылдарында эвакуацияланған кәсіпорындарда негізінен еуропалық ұлт өкілдері мамандар болып жұмыс істесе, соғыс біткен соң бұл кадрлар КСРО-ның батыс облыстарына кетті. Қазақстанда бірқатар маңызды салалар бойынша инженер-мұнайшылар, көлік қызметкерлері және т.б. мамандарды дайындайтын оқу орындары болмады. Шаяхметов қазақтар арасында білікті техникалық қызметкерлердің аздығына қатты алаңдап, Қазақ КСР басшылары КСРО орталық жоғары оқу орындарында кадрлар даярлау мәселелерін кеңестік партия басшылығы арқылы шешті [4. 95 б.].

Ж. Шаяхметовтың бастамасымен КСРО-ның жетекші жоғары оқу орындарына ұлттық кадрларға квота бөлінді. Бұл квотаға жыл сайын республиканың 2 мыңға жуық мектеп бітірушісі жіберілді. Оларға жол ақысы төленіп, Қазақстанның Мәскеудегі тұрақты өкілдігі, сондай-ақ сол кездегі Қазақ КСР-інің тиісті министрліктері арқылы материалдық қолдау көрсетілді. Мәселен, 1947 жылы 250 адам (қазақтар) Мәскеу, Ленинград және КСРО-ның басқа қалаларына ВЛКСМ Орталық Комитетінің 1947 жылғы 19 наурыздағы «Қазақстан партия ұйымының жетекші партия және кеңес кадрларын іріктеу, оқыту және тарату» туралы № 110 қаулысына сәйкес 250 адам (қазақтар) жоғары оқу орындарына оқуға жіберілді [4, 98 б.].

1947 жылы 19 наурызда ВЦСПС «Қазақстан партия ұйымындағы басшы партия және кеңес кадрларын іріктеу, тәрбиелеу және бөлу туралы» Қаулысы шықты. Бұл Мәскеудің Қазақ КСР-дегі кадрлық жағдайға қатысты шағымдар легіне реакциясы еді. Қазақстанда үш облыста (Оралда, Петропавлда, Семейде) бұрынғы майдангерлер мен техникумдарды бітірген жас мамандар үшін кадрларды қайта даярлау және қайта даярлау жөніндегі аймақаралық орталықтар құрылды. Ж.Шаяхметов ұсынған Қазақ КСР басшылығы да Мәскеуден жоғары оқу орындары мен техникумдарды бітірушілерді бөлуді сұрады. Жалпы, соғыстан кейінгі жылдары Қазақстанда бес жаңа институт пен техникум ашылды. Қазақ АКСР интеллигенциясының қалыптасу процесі 1930 жылдардың аяғында аяқталса, содан кейін оны

бейімдеу, дүниетанымын идеологиялық тексерілген ұғымдармен толтыру соғыстан кейінгі жылдарда жүзеге асты [5, 96 б.].

Республиканың жоғары оқу орындарына студенттер қабылдау жоспары да Шаяхметов тұлғасындағы республикалық басшылық тарапынан қатаң бақылауға алынып, қабылдаудағы қазақтардың ара-қатынасына баса назар аударылды.

Жоспарда этникалық қазақтар үшін квоталар бөлініп, КСРО жетекші орталық жоғары оқу орындарында (Мәскеу, Ленинград) және сол кездегі арнайы бейінді мамандарды дайындайтын одақтас республика орталықтарының біріндегі (Ташкент) оқу орындарында орын қазақтарға ғана бөлінді. Сол кездегі Республикадағы тағы бір ерекшелік, қазақтардың арасынан білікті мұғалімдердің тапшылығы өткір болғандықтан, әрбір дерлік облыс орталығында мұғалімдер институты құрылды. ҚызПИ-ге тек қазақ қыздары қабылданды. Сонымен қатар, аймақтық этнодемографиялық теңгерімсіздік те ескерілді. Қазақтар үшін университеттердегі квоталық орындардың саны университеттің географиялық орналасуына байланысты өзгеріп отырды – ол кезде де солтүстік облыстарда қазақтар аз болды, ал оңтүстік университеттерінде оларға көбірек орын қарастырылған. Ең маңызды қорытынды, Қазақстанда әртүрлі профильдегі инженерлерді дайындайтын техникалық жоғары оқу орындары болмаған. Сондықтан 1951/1952 оқу жылына орталық жоғары оқу орындарында қазақ жастарын оқыту жоспары қабылданып, онда техникалық салаларға басымдық берілді [3, 84б.].

Қазақстанда ХХ ғасырдың екінші жартысында да гендерлік салада үлкен проблемалар болды. Ж.Шаяхметов барлық әйелдердің, әсіресе қазақ әйелдерінің республиканың алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарында жоғары білім алуға мүмкіндігі болмағанын оқу ошақтарынан шалғайлық пен сол кездегі қазақ әйелдерінің материалдық-тұрмыстық жағдайларына байланысты деп түсінді.

Ж.Шаяхметов И.В. Сталинді Алматыда тек қазақ әйелдері түсіп, оқу қазақ тілінде жүргізілетін Мемлекеттік қыздар педагогикалық институтын (ҚызПИ) ашуға көндірді. Барлық студенттерге мемлекет тарапынан толықтай қолдау көрсетілді: тегін оқу, тамақтандыру, жазғы және қысқы киім-кешекпен қамтамасыз ету, оқулықтарды, жазу материалдарын, жеке гигиеналық құралдарды, медициналық қызмет көрсету шығындарын өтеу мемлекет тарапынан қаржыландырылды. КСРО Қаржы халық комиссариатының басшылығы мемлекеттік бюджет есебінен толық қамтуға қарсы болғанымен, йелдер педагогикалық институтын құру мемлекеттік маңызы бар бірнеше міндеттерді шешуді көздеді. Ең алдымен, кәсіби әйелдер кадрларын жасақтау, қазақ әйелдерін жаңа қоғам құруға тарту, олардың қоғамда дәйекті жоғары орын алуына көмектесу және саяси өмірге араласу жне өскелең ұрпақты тәрбиелеу. Негізгі міндеті – қыздарға жоғары білім беруге қарамастан, ҚызПИ атақты Санкт-Петербург Смольныйындай жұмыс істеді. Мұнда негізгі пәндерден басқа, жас ханымдарға әдептілік пен болашақ өмірге қажетті зайырлы даналықтың барлық түрлерін үйретті. Тек ҚызПИ де тұрмысы жақсы отбасының қыздары емес, керісінше, кеңестік қоғамның ортасынан, көбінесе, ең алыс ауылдардан келген қыздар білім алды. ҚызПИ-дің бірінші ректоры болып Тұрсын Мырзабекова тағайындалды [6, 126.].

М.Аққозин осы университетке қатысты бірқатар қызықты эпизодтарды келтіреді. Өзі де мектеп оқушысы бола тұра соғыс жылдарында өзге балаларды оқытуға мәжбүр болған шымкенттік қыз Гүлжәмілә Нұрбекованың бақытты тағдыры ҚызПИдің құрылу тарихымен үндеседі. Ол өз өміріндегі тағдыр сыйы ретінде Жұмабай Шаяхметовпен кездесудің маңызы туралы жазады.

Жоғары және орта оқу орындарының желісін кеңейтуде, оларды білікті оқытушылармен қамтамасыз етуде, оқу-тәрбие жұмысының сапасын арттыруда КСРО Министрлер Кеңесінің «Жоғары және орта оқу орындарын одан әрі дамыту шаралары туралы» Қаулысы үлкен рөл атқарды. 1947 жылы қарашада қабылданған Қазақ КСР-де білім беруге қатысты бұл құжат маңызды шешім болды. Өйткені, соғыс жылдарында ауылдық жерлерде міндетті жеті жылдық, қалаларда он жылдық білім беру тоқтатылған болатын [2, 67 б.].

Соғыс аяқталысымен елдің еңсесі көтеріле бастады. Мектептерді техникалық құралдармен, қажетті заттармен қамтамасыз ету кезең-кезеңімен қаржыландыру басталды.

Политехникалық білім әрқашан маңызы болып, оның негіздері мектептерде бұрыннан оқытылатын. Кеңес үкіметі мектептер салуға, оқу құрал-жабдықтары мен инвентарларын сатып алуға қосымша қаражат бөлді. Қазақстандағы жергілікті кадрлардан оқытушылар даярлау үшін орталық жоғары оқу орындарында аспирантураның санын көбейтті. Өз тарапынан республика басшылығы да бұл мәселені шешу үшін пәрменді шаралар қабылдады.

Осы жылдары Қарағанды және Семей медициналық университеттері, Өскемен педагогикалық, Семей ветеринарлық-зоотехникалық және Қарағанды тау-кен институттары ашылды. Ақтөбе, Гурьев (Атырау), Қарағанды, Қостанай, Петропавл, Шымкент мұғалімдер институттары педагогикалық институттарға айналды. Осы кезеңде ашылған жаңа факультеттердің арқасында Қазақ мемлекеттік университеті, Қазақ қыздар педагогикалық институты, Алматыдағы тау-кен-металлургия және ауыл шаруашылығы институттары айтарлықтай кеңейді [7, 2 б.].

Ж.Шаяхметов ұстаздар еңбегін жоғары бағалап, мұғалімдердің дәстүрлі тамыз кеңестеріне, республикалық съездеріне, конференцияларына тікелей қатысып, жан-жақты қолдау көрсетті. Мұғалімдер үшін Шаяхметовтың конференцияларға қатысуы, сөйлеген сөздері мен нұсқаулары айтулы оқиға, сұрақтарға берілген жауап пен айта жүрер әңгіме болды. Ал, Шаяхметов үшін бұл мектептегі білім берудің қалай жүріп жатқанын, республиканың болашақ кадрлары қай жерде дайындалып жатқанын, оның өркендеуі соған байланысты болатынын білуі тиіс бірінші басшының әдеттегі міндеті еді. Халық ағарту ісінің ардагері, ұстаздардың V съезінің делегаты, профессор Т.Ақшолақов Шаяхметов сөз сөйлегендердің барлығына дерлік ауылдағы балалардың, әсіресе, қазақ әйелдерінің мектепке тартылуы туралы сұрағанын айтты [2, 241 б.].

Ж.Шаяхметов 1949 жылы өткен мұғалімдердің республикалық съезінде сөйлеген семейлік жас ұстаз Роза Дүйсенбайқызы Есенжолованың өмірінің бақытты баяндылығына куәгер болды. Ол қазақ мектебінде орыс тілін оқыту әдістемесіне тоқталып, орыс тілін жақсы меңгеру үшін әрбір қазақ өзінің ана, қазақ тілін білуі керектігін алға тартты. Демек, балаларды оқытқанда екі тілдің грамматикалық ерекшеліктерін шебер салыстыру үшін мұғалімдердің өздері екі тілді жақсы білуі керек. М.Аққозиннің әңгімелеріне қарағанда, Шаяхметов Розаны төралқаға шақырып, жанына отырғызған. Өзін жақсы жағынан көрсеткені үшін мақтай отырып, оның ата-анасы туралы, отбасылық жағдайын сұрап, мектеп өміріндегі қиындықтардың бар-жоғын сұрады.

Келесі күні Білім министрлігінің қызметкерлері оны іздеп тауып, Мәскеуге, Бейбітшілік қорғаушылардың Бүкілодақтық съезіне жіберу туралы шешім қабылдағанын айтады. Ол мұндай маңызды оқиғаға баруға дайын еместігіне алға тартып, қашпақтайды. Бірақ, оны көндіріп, шұғыл түрде съезге қатысу үшін көйлек тігіп беріп, Алматы-Мәскеу пойызына билет те алып берді. Ол пойызда Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Күләш Байсейітова сынды танымал тұлғалармен бір купеге түседі. Осының бәрінде ол Жұмабай Шаяхметовтің мейрімді алақанын, жас кадрларға деген қамқорлығын сезінді. Айналадағы адамдарды қадірлеп, үміт отын оятатын тұлғаларды алға шығарудың тағылымын алды [8, 145 б.].

Ж.Шаяхметов жоғары және орта кәсіптік оқу орындарының желісін құру арқылы Қазақстанда және одан тыс жерлерде кеңейтілген кәсіптік білім беру жүйесін дамытты, қазақстандық жалпы білім беретін мектептердің түлектеріне еліміздің орталық жоғары оқу орындарында оқуға жыл сайынғы тұрақты квотаға қол жеткізді, ауыл жастарына қалалық ЖОО-да оқуға квота беру және ҚызПИ-ді құру және ЖОО-да білім алу үшін жағдайды жақсарту арқылы қыздарды жоғары білім жүйесіне тарту арқылы гендерлік теңсіздікті шешу мәселесін айтарлықтай ілгерілетті.

Қорыта айтқанда, Ж. Шаяхметов Қазақстандағы жоғарғы білімнің қалыптасып, дамуына үлкен үлес қосты. Ж.Шаяхметов республиканың жаңа басшысы ретінде жоғары оқу орындарында этникалық қазақтар арасынан ұлттық кадрларды және аспирантура мен докторантурада ғылыми кадрларды даярлау мәселесін көтерді. Ол кезде Қазақстанға қажет әртүрлі мамандар республиканың жоғарғы оқу орындарында дайындалмайтын. Шаяхметов Мәскеу мен Ленинградтың және басқа да орталық жоғары оқу орындарына жыл сайын екі мың

қазақтың ұл-қыздарын жолдап отыру келісіміне қол жеткізді. Бұл сол кезеңдегі «Болашақ» бағдарламасы іспетті еді. Сонымен қоса, 1944 жылы Жұмабай Шаяхметовтың бастамасымен Алматы консерваториясы, Шетел тілдері институты, Шымкент химия-технологиялық институты, ал, 1945 жылы Денешынықтыру мәдениеті институты ашылды.

Ж. Шаяхметовтың тарих алдындағы негізгі қызметі Қазақстандағы жоғарғы оқу орындарындағы дамуындағы қосқан үлкен үлесіне байланысты. Әсіресе, Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университетінің негізін қалауда Ж.Шаяхметовтың қосқан үлесінің зор екендігін ескере отырып, университетімізге Жұмабай Шаяхметов есімін беру ұсынылған болатын. Менің ойымша, бұл бастама өте орынды шешім деп ойлаймын. Себебі, «Шығыс қыраны – Жұмабай Шаяхметов» есімі ұмыт болмау керек және еңбегі бағалануы тиіс.

Шаяхметов мұраларын зерттеу бүгінгі күнде өзекті мәселесі болып отыр. Бұл кезеңдегі көрнекті тұлғалар коммунистік идеологияға, кеңестік жүйеге жұмыс жасады. Соған қарап, біз оларды тарих беттерінен сызып тастамауымыз керек. Егер де Ж. Шаяхметов сияқты ұлтжанды, әрі Орталық басшыларының алдында беделді тұлғалар болмағанда қазіргі тәуелсіздігіміздің тұғыры биік болар ма еді? Әрине, кеңестік машинаға, коммунистік режимге қызмет еткендіктен ол тұлғалардың ұлт саясатында, ел экономикасында жіберген қателіктері де болып отырды. Бірақ, біз олардың Кеңес Одағы деп аталатын алмағайып заманда, жандарын шүберекке түйіп, бастарын қатерге тігіп, ұлтына қатар қызмет еткендігін ұмытпай, жасаған еңбектерін үлгі тұтуымыз қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Тоқаев Қ.Ж. Міндет – жеті түрлі ілім білетін ұрпақ тәрбиелеу // <https://egemen.kz/>
2. Кабульдинов З.Е. Касымова Д. Аминов Т.А. и др. Неизвестные страницы из жизни и деятельности видного государственного деятеля Жумабая Шаяхметова (1902-1966 гг.) – Алматы, 2022. -450 бет.
3. Тастанов Ш.Ю. Казахская советская интеллигенция: (проблемы становления и развития). Алма-Ата, 1982. С. 83–85.
4. Знание или просто понимание русского языка было вопросом не только эффективной армейской коммуникации, но в условиях боевых действий приобретают жизненно важное значение // К.С. Алдажуманов, С.К. Шилдебай
5. Аманжолов С. Некоторые особенности политико-воспитательной работы среди бойцов нерусской национальност // Опыт политико-воспитательной работы в действующей армии. Усть-Каменогорск. ТОО «Печатное издательство «Рекламный Дайджест». 2010. – 120 с.
6. Исмагулова С. Уроки Турсун Мурзабековой. На протяжении 14 лет во главе Женского педагогического института (ЖенПИ) стояла первая женщина-ректор Турсун Мурзабекова. К 100-летию юбилею // Казахстанская правда. 2015. 29 мая. № 99. С. 12.
7. Асанова С.А. Из истории Казахстана военного времени (1941-1945) // Электронный научный журнал «edu.e-history.kz» № 4(24) октябрь-декабрь, 2020.
8. Ахметова Л.С., Григорьев В.К. Первые лица Казахстана в сталинскую эпоху. Алматы 2010. С. 199.

КӨНЕ ТАРИХЫМЫЗДЫҢ КӨМБЕСІ – ҚАСИЕТТІ ТАРАЗДЫҢ КИЕЛІ МҰРАЛАРЫ

Колдасова Г. О

Ғылыми жетекші: аға оқытушы Тулегеновна А.Ж.

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды Университеті

gulniza.koldasova02@mail.ru

Қарағанды қ.

Бүгінгі таңда Қазақстанның киелі жерлерін зерттеу, тарихи-мәдени мұраларды қорғау және сақтау мемлекеттік саясатымыздың басты бағыттарының бірі бола отырып, ұлттық кодымызды жаңғыртудың бастамасы екендігіне көз жеткізуге болады. Бұл жердегі ұлттық код